

**"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысына
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 814 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Министрліктің орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8-үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 7-кіреберіс.";

15-тармақта:

156) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"156) басқа мемлекеттік органдардың рұқсаттар және хабарламалар саласындағы қызметін үйлестіру;"

158) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"158) мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, іске асыру, іріктеу, іске асырылуын мониторингтеу және бағалау, бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту;"

165) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"165) кәсіпкерлік субъектілерінің орындауы үшін міндетті талаптарды белгілеу және бекіту;"

171) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"171) шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік шараларының орындалуын ұйымдастыру және үйлестіру;"

174) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"174) кәсіпкерлік субъектілері және әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімдерін жүргізу;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК